

Қылмыстық құқық теориясы қылмысты жасау сатылары деп - қылмыстың дамуының арнайы кезеңдерін таниды . Олардың бір-бірінен айырмашылығы, белгілі бір қылмыстың объективтік жағын іске асыру кезеңдерінде және айыпкердің

қасақаналықты іске асыру дәрежесінде болады, яғни қасақана қылмыстың дамуының

критерийлеріне сәйкес қылмыстың объективтік жағын іске асыру болып табылады. Қылмыстың объективтік жағын іске асырмай, қасақаналықпен қылмыстық жауаптылық мәселесін шешу болып табылады.

Біріншіден, қылмыстық жауаптылықтың негізі, қылмыстық заңда көрсетілген қылмыстың құрамын, жасалған іс-әрекеттен табу болып табылса, ал қылмыс жасау

сатыларын анықтау ол қылмыстық мінез-құлықты, қылмыстық еместен ажыратуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, сатыларды қалыптастыратын іс-әрекеттің өзі, қоғамға қауіптілік дәрежесінің әртүрлілігімен сипатталынады. Қылмыстың аяқталуына қай саты болмасын

жақындаған сайын, соғұрлым жасалатын іс-әрекеттің қоғамға қауіптілік дәрежесі артады.

«Қылмыс қолданылады: түседі, әрине, бір жағдай жаза тағайындағанда ескерілуі керек.

- 1) Аяқталған қылмыс өткен кезеңдерді анықтау үшін,
- 2) Қылмыс жасаудың тоқтатылуына байланысты, жасалған қылмыстық әрекет үшін берілген жазаның ерекшелігін анықтауда әрекеттің қай кезеңде аяқталғанын білу үшін.

Қылмыстық құқық теориясында қылмысты істеу сатылары туралы осы түсінік маңызды роль атқарады . Егер қылмыс аяқталса, онда алғашқыда істелінген адамның әрекеті және қылмыс жасауға оқталу әрекеті емес, қылмыстық заңдарда, сол аяқталған қылмыстың өзі туралы ғана сөз болады.

«Қылмыс жасау сатыларына» заңдылық түсінігінде аяқталған қылмысты әрекет

пен қылмыс жасау барысында, не оған дайындық кезіндегі негізгі бір кезеңде тоқтаған қылмыстық әрекеттің айырмашылығын айтады». Қылмыстық құқық теориясында қылмысты істеу сатыларының атауы және санына байланысты әртүрлі позициялар орын алған болатын. 1997 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі Жалпы бөлімнің осы институтына жаңа ережелер

Айталық, бірқатар қылмыстық құқықтың Жалпы бөлім оқулықтарының енгізуіне негіздендіктен, қолдануымызға болады. Авторлары қылмысты істеу сатылары деп қылмыс құрамын орындауды және қылмыстық нәтиженің туындауын түсінеді. Менің ойымша, бұндай пікір бірінші кезекте, заңға сәйкес келмейді, заң авторлар ұсынған сатыларды атамайды. Сондай-ақ, ұсынылған атаулар тиімсіз, себебі, «қылмысты орындау» шын мәнісінде оқталу, яғни, қылмыстың объективтік жағын ішінара орындау. Нәтиженің туындауы қылмыстың сатысы мүлдем бола алмайды, себебі, формальді қылмыс құрамдарында нәтиже қылмыс құрамының белгісін құрамайды. Материалды қылмыс құрамдарына қатысты нәтиже аяқталғандығын білдіреді де, қылмыстың сатысы ретінде таныла алмайды .

Қылмыстық құқық теориясында бір бірінен әрекет сипаты мен аяқталу дәрежесіне

қарай ажыратылатын қасақана қылмыстың үш сатысы ккрсетіледі. Олар:

- Қылмысқа дайындалу
- Қылмысқа оқталу;
- Аяқталмаған қылмыс.

Осы үш саты тек қана тікелей ниетпен жасалған қысқаша қылмыстарда болады. Қылмыс сатылары - қасақана қылмыстың дамуына байланысты анықталған кезеңдері, олар қылмысқа дайындалу, оқталу және қылмысты аяқтаумен жүзеге асады.

Қылмыстық әрекеттерінің сатыларының қылмыстық құқықтық түсінігі қылмыстың дамуына байланысты сонымен бірге объективті процесін көрсетеді.

Қасақана қылмыс 3 кезеңде өтеді: 1) дайындалу 2) оқталу 3) аяқтау. Осыған сәйкес

қылмыстық әрекет 3 сатыларға бөлінеді: а) қылмысқа дайындалу сатысы б) қылмысқа оқталу сатысы в) аяқталған қылмыс сатысы. Бірінші екі сатысы алдын ала, яғни аяқталмаған әрекетті білдіреді. Оның ерекшелігі қылмыстық құрамының толық аяқталмауы, яғни ҚК-ң Ерекше бөлімінде көзделмеген белгілер, объективті жағының толық атқарылуы, қоғамға қауіпті жағдайдың болмауы. Ал аяқталмаған қылмыста кінәнің әрекетінде қылмыстық құрамының түгел белгілерінің жиынтығы болуы, соған қоса қоғамға қауіпті зардаптың жүзеге асуы.

Адам өзінің еркі мен тәртібін бағындыра отырып алдына белгілі мақсатты сезімді түрде белгілеп, осыны қабілеттік деп айтуға болады. Қасақана қылмыс жасамай тұрып кінәлі жететін нәтижесін көріп, елестетіп тұрады. Осыны қолданып белгілі тәсілдермен соны жнзеге асырғысы керек деп ойлайды. Қылмыстық ой тек қана ішкі психикалық процесс, бұл қасиет басқа адамға белгісіз болады. Ойлау, сезіну процесі қылмыс болып саналмайды, және саналуға мүмкін емес. Ойдың құрылуы қылмыстық сатысының дамуы деп санауға болмайды, өйткені нақты қылмыс жүзеге асқан жоқ. Қылмыстық құқықтың принциптерінің біреуі қылмыстық ойды көзқарасты жазалау керек деп көрсетіледі. Осы негіздер бойынша қылмыстық жауапкершілікке ойдың анықталуы жатпайды (яғни түрімен, сөзбен көрсетілген ойлар.). Анықталған ойлар оны анықтап ойлаған нәрсемен салыстыруға болмайды.

Адамның рсындай тырысуы қоғамға қауіпті және құқыққа қайшы болып саналмайды. Ол қылмыстық қозғалуына сәйкес ешқандай кезеңдерге жатпайды, қылмыстық әрекет болып есептелмейді. Кейін қылмыстық сатысы сонымен қатар қасақана ойдың құрылуы, анықталуы қылмыстық қылмыстық болып саналуы мүмкін емес.

Саты болып саналмайды. Осыған байланысты Ш. Монтекьенің әйгілі айтылуы бар:

"Заңдар тек қана қылмыстық әрекеттерді жазалау керек". Ойдың анықталуын

қылмыстық қауіп төндірумен шатастыруға болмайды.

Бұл қауіпті аса ауыр қылмыс жасаймын деп, сот жұмысшыларына қауіп (ҚК 341 б) т.б. сияқты. Бұл жайлы қауіпті аяқталған қылмыс деп санауға болады. Олардың қоғамға қауіптілігі жәбірленушіге психика арқылы қауіп төндіру жатады. Ауыр қылмыстың жасалу сатысынан яғни субъект жәбірленушіге қорқытқан кезде қауіп бұған ешқандай қатынасы жоқ. Мысалы, қызды күйеуге шық деп немесе өлтіремін деп қорқытса. Ал қарақшылық кезінде жасалған қауіп мүліктік баюды мақсат көздейді, бұл жерде жәбірленушінің өлімі керек жоқ. Менің ойымша, дайындық пен оқталуды жоғарыдағыдай ажыратып керсету тек сыртқы көрінісін ғана бере алады, ал қасақана қылмыс әрекетінде осы екі кезеңді нақты, толық білуге бұл пікір мүмкіндік бере алмайды. Мәселен, кейбір қылмыс құрамы формальді болып құрылған. Яғни, жасалған әрекеттің зардабы қылмыс құрамына жатпауы мүмкін. Ал екінші бір қылмыс құрамының құрылысы төмендегідей: материалды, яғни қылмыс аяқталуы үшін міндетті түрде заңда көрсетілген зардаптың туындауы қажет. Айталық, кісі өлтіру денсаулыққа зиян келтіру т.б. мысалдар келтіруге болады. Осыған байланысты, жасалған әрекеттің сыртқы белгісіне қарап (формальды) қылмыс құрамына жатқызу, қылмыс барысындағы әрекетті қай кезеңге жатқызу керегін әлі де болса шешпейді. Н.В. Лясс та өз көзқарасында А.Н. Трайниннің бағытын жақтайды . Бұл ғалымдардың пікірінің түпнұсқасы: қылмыс тек аяқталған қылмыс құрамынан тұрады, қылмысқа дайындық, оқталу қылмыс құрамын құрамайды. Бұл пікір, біздің Қылмыстық іс жүргізу заңдарына қайшы келеді. Біздің заң бойынша айыпкердің әрекетінде қылмыс құрамы болғанда қылмыстық жауаптылық көзделетінін ұмытпауымыз керек.

Қылмыс құрамының белгілері Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімімен қатар жалпы бөлімнің нормаларында да көрсетілген. Қылмысқа оқталу және қоғамға қауіпті дайындықта қылмыс құрамының белгілері бар, өйткені бұл екі кезең өз алдына, қоғамға қауіпті іс-әрекет, бұл екі кезеңге жауаптылық көздегенде, айыпкердің іс-әрекетінен қылмыс құрамының белгілерін бекіту керек. Сонымен қатар, қылмыстың нәтижесінің туу мүмкіндігі (оқталу) және қылмыстың нәтижесінің нақты тууы (аяқталған қылмыс) екеуінің мәнісі екі бөлек. Сондықтан да, қылмыстық заң, соттарға оқталу және аяқталған қылмыс үшін бірдей жаза қолдануға мүмкіндік бермегенімен, осы оқталу үшін жеңілірек жаза тағайындауға мүмкіндік береді. Қылмыстық тәртібінің жүзеге асу басталуының қылмысқа дайындалуы болады. Осы тек осы ғана ең басты сатысына жатқызуға болады. Ал бірінші сатысы бойынша жауапкершілікке дайындап іздеп тәсілдер қарап жатқан адамды тартуға болады (қасақана).

Дайындау әрекеттері қылмыстық зардабының атқарылуына жол береді. Яғни осы

әрекеттер қылмыстың жүзеге асуына жағдай жасайды. Екінші сатысының қылмыстық заң бойынша оқталу деп санаймыз. Ол былай аталады: "Тікелей қылмыс жасауға тура бағытталған ниет пен жасаған іс-әрекеттер (әрекетсіздік), егер бұл орайда қылмыс адамға байланысты емес мән-жайлар бойынша ақырына дейін жеткізілмесе қылмыс жасауға оқталу болып табылады". Осы саты тікелей ниеттің орындайтын процесін көрсетеді. Осы егер де кінәліге "жақсы" болған жағдайда аяқталса, онда ол қылмыстың аяқталуына жатады. Осы сатыда кінәлінің әрекетіне қылмыс құрамының барлық белгісі болады. Яғни жасаған әрекетінде сонымен көрсетілген екі әрекетті және екі әрекетті

Қылмыстық құқық бойынша жауапкершілік қоғамға қауіпті кінәлі жасаған қылмысы үшін орнатылады. Осы сатының ерекшелігі қылмыскердің өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша қылмысты аяқтамау. Оның әрекетінде аяқталған қылмыс

құрамының болмауы бұл үшін ҚК-ң Ерекше бөлімі бойынша жауапкершіліктің көзделмеуін айтуға болады. Аяқталмаған қылмыстық әрекеттер қылмыстық нәтижесі

болмайды, өйткені ол қылмыс құрамының қажетті белгісі болып есептеледі немесе

объективті жағы бойынша әрекеттер толық жасалмайды. Қылмыстық әрекет объективтік жағы бойынша дайындалу орындалу болып мінезделеді.

Қылмыстың

нәтижесі бұл нақты қоғамға қауіпті зардап кінәлінің келтірген зиян. Аяқталмаған қылмыстық әрекет заң бойынша нәтижеге барған, бірақ нақты залал келтірмейді және залалдық кетіруге қауіп төндірмейді. Аяқталмаған қылмыстық әрекетті объективті қоғамдық қауіптілігі осымен қорытындылады. (дайындалған оқталу

сатысының объективтік жағы). Субъективтік жағынан осы қылмыстарды қоғамға қауіптілігі - қасақана жасау. Қылмысқа дайындалу оқталу кезінде кінәлінің ойы қылмысты жасауға ұмтылады, бірақ оған қатысты емес мән-жай бойынша жүзеге аспайды. Қылмыстық кодекстің 9 бабына сәйкес қылмыс болып тек қана жауапкершілігі қылмыстық заңда көзделген қоғамға қауіпті әрекетті жатқызамыз. Қасақана қылмыстың сатысына тиым салумен бірге ҚК-ң 24 б сай қылмыстық әрекет мінезделіп, соған дайындалатын жаза көзделген.

Дайындалу мен оқталу үшін арнайы жауапкершілік жоғарыда көрсетілген

Осы аяқталмаған қылмыстық әрекеттерді қоғамға қауіпті келтірмесе де қоғамдық қатынастарға залал келтірмесе де оларға қауіп төндіру, қылмыспен көресу кезінде ең

тиімді қолдану және алдын алу кезінде қолданады. ҚР Қк-ң 24, 26 бб қылмысты болдырмау алдын алу кезінде әділетті түрде құқықтық негіз деп атайды.

Бәрімізге белгілі қылмыстық құқықтық нормалардың мағынасы оның ішінде көрсетілген жаза арқылы жалпы және арнайы алдын алу көрсетіледі. Осыны дайындалу оқталу үшін орнатылатын жауапкершілік нормаларына жатқызады. Осыдан басқа жауапкершілік нормалары мағынасы, олар қоғамға қауіпті әрекет жасау кезінде қылмыстың ең бастапқы кезінде қоғамдық қатынастар бұзылуын айтуға болады, яғни бұл жерде ауыр зардап келмей тұрған кезде. Осымен бірге басталған қылмыстың аяқталуына жеткізбей нақты қауіп келтірмеу яғни объектіге аяқталған кезде тиісті түрде келтіруші еді. Қылмыстың алдын алу негізі болып қылмыстық әрекетті болғызбауға қамтамасыз ететін нақты өкілеті адамның қылмысқа жол бермей араласуын айтамыз. Қылмыстың алғашқы сатысында болдыртпау екі жағдаймен өәрсетілмеген: біріншісінің мағынасы белгілі уақыт аралығындағы дамып жатқан қылмысты көздейді. Осымен тұлғаның қылмыстық тәртібі және шара қолданып мақсаты туралы мәліметтер алуға болады.

Тәжірибеде көрсетілгендей қылмыстың алғашқы сатыларында алдын алып және

болдыртпау мүмкіндігі бірдей емес. Дайындалу көбінесе асықпай жасалады, оқталуға

қарағанда мұның өзі қылмысты болдыртпау үшін жасалатын тиімді мән-жайлар болады. Қылмыстың оқталу көбінесе дәл жасалатын және көрсетілген мән-жайлар

Дайындалу бұл қылмыс жасау сатысы яғни сол кезде кінәлінің әрекеті мынада көрсетіледі: қару іздеу, жоспар құру, қатысушы адам іздеу және т.б.

әрекеттерден

тұрады. Бұл әрекеттер қылмыс жасауға жағдай жасайды, бірақ олар қылмыс құрамының объективті жағына кірмейді. Дайындалу ҚР ҚК-ң 24 бабының 1 тармағында көрсетілген. Дайындалу әрекеттінің көбіне қарамай жалпы белгі орнатуға болады. Осының бәрі қылмыстың нәтижесіне жетуге байланысты жағдай жасайды. "Жағдай жасау" түсінігі жалпы түрде талқылауға болады. Яғни ол дайындалу әрекетін толық жатқызады. Дайындалу әрекеті белгілі бағытта мінезделеді: олар қасақана жасалады, қылмысты аяқтауға көзделеді. Осы субъективтік белгісі заңда арнайы көрсетіледі. Дайындау әрекетінің мінезделу өзгеше өйткені олар әлі қоғамға туғызбайды, яғни объектіге нақты бағытталған. Кінәлі өзінің әрекетіне қылмыстың алдағы келетін аяғына жетудің жағдайын орнатады. Бірақ ол қылмыстың объективтік жағын әлі орындамайды, яғни қылмыс құрамының қажетті белгісі жүзеге асырмайды, көбінесе дайындалу үшін жазалау көп жағдайда қоданбайды. Тек қоғамға қауіпті кезден бастап. Бұл қауіптілігі объектіге байланысты мінезделеді. Әрине адам өлтіруге дайындалу көбінесе қоғамға қауіптілігі өте жоғары. Тек адамды құруға дайындалған кезден гөрі. Дайындалу әрекеттердің қауіптілігі оның оқталу сатысына жақын тұратыны көрсетуі болады, Ал бұны қоғамға нақты қауіп туғызатыны яғни заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардың бұзылуына қауіп төндіруін айтады. Мәнін анықтау кезіндегі қоғамның қауіптілігі адамның ойы тұрақты нақты және қылмыс жасауға бағытталған.

Көп жылдық тәжірибе мынаны көрсетеді, көбінесе тәжірибеге қылмыстық жауапкершілікке қылмысқа дайындалу үшін сирек тартылған. Оның бірінші негізі кінәлінің нақты қасақана ойының анықталмауы (мысалы, балта ағаш шабу үшін сатылып алынған қылмыс жасауға емес). Екіншіден дайындалу кейбір жағдайларда объектіде белгілі ойдың қалыптасуын белгілейді, бірақ оны нақты қылмыс жасауға баратынын айта алмаймыз. Қажетті және жеткілікті негіз болған жағдайда жеткіліксіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құлжақәева Р.Б. Қылмыстың құрамы: Оқу құралы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2000. – 84 б.
- 2 Абсеметов М.О. Основные направления правоохранительной деятельности таможенных органов Республики Казахстан // Научные труды Академии финансовой полиции. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – Вып. 2.
- 3 Куштарова Г.А. Преступления в таможенной сфере: уголовно-правовая характеристика // Научные труды Академии финансовой полиции. – Астана: Фолиант, 2002. – Вып. 3. – 496с.
- 4 Қазақстан Республикасының Жедел-іздестіру қызметі туралы заңы // «Параграф» ақпараттар жнйесі. – 2013.
- 5 Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Заң күші бар Жарлығы// «Параграф» ақпараттар жнйесі. – 2013.
- 6 Қазақстан Республикасының Президентінің, Заң күші бар Арнайы экономикалық аймақ туралы Жарлығы. – Алматы: - 1995-3б.